




*Сөз тіркесінің
құрылымы*




Сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан жасалады. Сөз тіркесі жасалу үшін, оның құрамындағы сөздер мағыналық және грамматикалық жағынан байланысты айтылуы шарт.


**Егер сөз тіркесін – толық мағыналы
екі сөздің бір-бірімен байланысы
десек, ол байланыс екі түрлі
болады.**

**Мағыналық
жағынан**

**Грамматика-
лық жағынан**



Мағыналық жағынан
байланыс – сөздердің сөз
табы ретіндегі жалпы
категориялық мағынасын
айтамыз.



Грамматикалық жағынан
байланыс – бір сөздің басқа
бір сөзге грамматикалық
жағынан
бағыныштылығын
айтамыз.

Сөз тіркесін құрастырушы сөздер бір-бірімен синтаксистік байланысқа түседі. Синтаксистік байланыстың түрлері:

Матасу

Меңгеру

Қабысу

Жанасу

Қиысу

**славян
тілдері**

**роман
тілдері**

**герман
тілдері**

**инд
тілде**

**Қиысу –
басыңқы сөз
бен
бағыныңқы
сөздің бір-
бірімен
жекелік-
көптік
жағынан,
септік
жағынан, род
жағынан
байланысуын
айтамыз.**

Сөз тіркесі – мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы екі сөздің синтаксистік (еркін) тіркесі.

Күрделі сөздер мен фразеологиялық бірліктер бір нәрсенің тұрақты атаулары. Олар номинативті қызмет атқарады.

Синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сыңарлар өздерінің мағыналық дербестігін сақтап, өзінен кейінгі сөздерді (басыңқы сыңарларды) анықтайды, толықтайды, пысықтайды.

*Синтаксистік сөз тіркестерінің
түрлері. Құрамына қарай сөз
тіркестері:*

Жалаң сөз тіркесі

Күрделі сөз тіркесі

Аралас сөз тіркесі

Жалаң сөз тіркесі – сөйлемдегі сөздердің саны қанша екендігіне қарамастан олардың бәрі сөз тіркесінің бір-ақ түрімен (меңгеру немесе қабысу) байланысуын айтамыз.

Күрделі сөз тіркесі – бір ғана ұйтқы (басыңқы) сөзге келіп тірелетін әр басқа байланыс түрлерінің (меңгеру мен жанасудың) жиынтығын айтамыз.

Аралас сөз тіркесі – әр басқа ұйтқы сөзге тірелетін әр түрлі байланыстардың жиынтығын айтамыз.